

Мәзір: Ақпарат

Ет алу үшін ірі қара мал өсіретін фермалар құру



Резюме

- ▶ Жобаның тұжырымдамасы Алматы облысында ет алу үшін ірі қара мал өсіретін фермалар құруды қарастырады.
- ▶ Кәсіпорын қызметінің мақсаты оған қатысушының материалдық хал-жағдайын жақсарту үшін табыс түсіру болып табылады. Жоспарланған кәсіпорынның нысаналы тобы өнімдерді тұтынушы - етті қайта өңдеу кәсіпорындары, облыстың және жақын орналасқан аудандардың тұрғындары болып табылады.
- ▶ Сиыр қора үшін “СПАЙДЕР-В” жүйесінің жылытылған ғимаратын сатып алу жоспарлануда.

Жоба бойынша жалпы инвестициялық шығындар мыналарды қамтиды:

Шығысытар, мың теңге	2 012
Негізгі капиталға инвестициялар	82 789
Айналым капиталы	21 496
Барлығы	104 285

Жобаны қаржыландыруды жоба бастамашысының өз қаражаты есебінен сияқты қарыз капиталы есебінен де жүзеге асыру жоспарлдануда.

Қаржыландыру көзі, мың теңге	Сумма	Период	Доля
Өз қаражаты	31 286	01-06.12	30%
Қарыз қаражаты	73 000	01-06.12	70%
ВБарлығы	104 285		100%

Кредиттеудің мынадай шарттары қабылданды:

Кредит валютасы	теңге
Пайыздық ставка, жылдық	7%
Өтеу мерзімі	7,0
Пайыздар мен негізгі борышты төлеу	ай сайын
Пайыздарды өтеудің жеңілдікті кезеңі, ай	6
Негізгі борышты өтеудің жеңілдікті кезеңі, ай	6
Өтеу түрлері	тең үлестермен

Кәсіпорын қызметінің жобаның 7 жылына арналған тиімділік көрсеткіштері.

Жылдық пайда (7 жыл), мың теңге	13 830
Активтердің рентабельділігі	27%

10% дисконттау ставкасы кезінде инвестицияланған капиталдың дисконтталған таза кірісі 12 жылда 14 568 мың теңгені құрады.

Ішкі кірістілік нормасы (IRR)	13%
Ағымдағы таза құны (NPV), мың теңге	14 568
Жобаның өзін-өзі ақтауы (жай), жыл	6,9
Жобаның өзін-өзі ақтауы (дисконтталған), жыл	9,6



Жоба экономикалық көзқарас жағынан мыналарға ықпал ететін болады:

- ▶ жаңа жұмыс орындарын құру, бұл жұмысшылардың тұрақты пайда табуына мүмкіндік береді;
- ▶ ет алу үшін ірі қара мал өсіретін жаңа фермалар ашу;
- ▶ экологиялық таза өнім өндіру;
- ▶ Алматы облысының бюджетіне салықтар мен басқа да аударымдардың түсуі.

Әлеуметтік әсерлердің арасында мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- ▶ халықтың ет өнімдеріне деген сұранысын қанағаттандыру.

1. Жобаның тұжырымдамасы

- ▶ Жобаның тұжырымдамасы Алматы облысында ет өндіру үшін ірі қара мал өсіретін фермалар құруды қарастырады.
- ▶ Кәсіпорын қызметінің мақсаты оған қатысушылардың материалдық әл-ауқатын жақсарту үшін табыс түсіру болып табылады.
- ▶ Жоспарланған кәсіпорынның нысаналы тобы өнімдерді тұтынушы - етті қайта өңдеу кәсіпорындары, облыстың және жақын орналасқан аудандардың тұрғындары болып табылады.
- ▶ Өнімнің басымдылығы мыналарды құрайды:
 - ▶ - жоғары технологиялы және заманауи жабдықтарды пайдалану;
 - ▶ - жоғары сапа;
 - ▶ - төмен баға.
- ▶ Кәсіпорынның өз жемазық базасы бар - жайылым.
- ▶ Сиыр тұратын орынның жалпы алаңы 764,4 шаршы метрді құрайды.
- ▶ Бұл бизнес-жоспар басшылыққа алынатын соңғы нұсқа емес, тек осындай бизнес-идеяны дамытудың әлеуетті мүмкіндігі ғана болып табылады

2. Өнімінің (қызметтің) сипаттамасы

- ▶ Ет халық тұтынатын барынша толық және кеңінен тараған өнімнің түрі болып табылады. Еттің тағамдық және биологиялық құндылығын оның бай химиялық құрамы, әсіресе белоктық бөлігі құрайды. Ол тез қорытылатындығымен және құндылығымен ерекшеленеді. Кулинарлық түрде жеңіл өңделеді. Адам етті үнемі тұтынады, санын одан тағамның түр-түрін жасауға болады, бұл тағамның барынша түрлендіруге мүмкіндік береді. Еттің құрамына толыққанды белок, сондай-ақ майлар, дәрумендер, белсенді және минералды заттар кіреді. Ет және ет тағамдары ағзаны белокпен және маймен қамтамасыз ету көздері болып табылады. Әсіресе сіңір тініндегі белоктар толыққанды болып келеді. Химиялық құрамы және сіңімділігі бойынша байланыстыратын, нерв тіндері мен сіңірлердегі белоктардың құндылығы төмен.

Малды сою қызметтері

- ▶ ІҚМ-ды ет комбинаттарында, сою пункттерінде союға ғана рұқсат етіледі. Союға жіберілетін ірі қара малдың әр партиясы үшін ІҚМ басының саны, бағыты көрсетілген, екпелері туралы мәлім еттері бар анықтама қағазы қажет.
- ▶ Станцияға жіберер алдында ІҚМ-ды ветеринар немесе ветеринарлық-санитариялық қызмет фельдшері тексереді. Ол құжаттарды байқайды, малдың санын анықтайды, денсаулығын тексереді. Бәрін тексерген соң құжатқа белгі соғады. Етті қайта өңдеу зауыттарында ІҚМ-ды қабылдаған кезде барлық ілеспе құжаттамаларды тексереді, малдарды санитарлық жағынан қарайды, осыдан соң малды сою алдындағы базаларға жібереді.



3. Өндірістер бағдарламасы

Өндірістің жылдар бойынша жоспарланған бағдарламасы

Көрсеткіш (жылдық)	2 012	2 013	2 014	2 015	2 016	2 017	2 018
Орташа сиыр басы саны (ересек мал) бас	52	52	50	51	55	58	57
Орташа жас мал басы, бас.	45	56	60	63	68	73	74
Ет өндіру, тн.	0	7	13	9	11	13	14
Тірі салмақта 1 малдың массасы , кг.	570						
Сойылған салмақта 1 малдың массасы , кг.	333						
Малды тірі салмақта сату (бұзау) , бас	0	0	10	12	1	7	14

Жоспарлы сату бағдарламасы, мың тг

Кірістер баптары	Сатуды бастау күні	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Ет сату	с 01.13	0	9 557	16 636	11 592	14 661	16 865	17 760
Малды тірі салмақта сату	с 01.14	0	0	6 250	7 500	625	4 375	8 750
Малды сою қызметтері	с 04.12	7 667	10 223	10 223	10 223	10 223	10 223	10 223
Барлығы		7 667	19 780	33 109	29 315	25 509	31 463	36 733

- ▶ Бағаны қалыптастыру кезінде тұтынушылардың ерекшеліктері ескерілді, атап айтқанда:
 - халықтың орташа табысының деңгейі.

Бағаны қалыптастыру нарықтық бағаларға негізделген.

Өнімге жоспарлы бағалар

Сиыр еті	тг./кг. ҚҚС-сыз	1 275
----------	-----------------	-------

- ▶ Сиыр етінің бағасы нарық бағалары ескеріле отырып жасалды

4. Маркетингтік жоспар

4.1 Өнімдер (қызметтер) нарығының сипаттамасы

Қазақстанда ет бағытындағы мал өсіретін 81 асыл тұқымды зауыт пен шаруашылық жұмыс істейді, соның ішінде облыста - 25 асыл тұқымды шаруашылық, оның 3-уі асыл тұқымды зауыт. Мың асыл тұқымды мал, соның ішінде 30 мың сиыр бар, бұл тауар өндіруші шаруашылықтардың контингентті шығаруда пайдалану үшін қажетті бұқаларды алуға деген қажеттілігін толық қанағаттандырады.

Алайда аналық мал басына деген сұраныс әлі қанағаттандырылған жоқ, өйткені көптеген асыл тұқымды шаруашылықтардың қызметі өз табындарындағы сиыр басын ұлғайтуға ғана бағытталған, оларда басы артық аналық сиырлар саны жетіспейді. Осыған байланысты асыл тұқымды базаны одан әрі кеңейту қажет болуда.

Республикада шамамен 6,2 млн. бас ірі қара мал бар.

2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалпы республикада мал басы ұлғайды:

- ірі қара мал - 1,1%, 6 160,4 мың басқа дейін;
- соның ішінде сиыр - 2,3%, 2 778,8 мың басқа дейін;
- құс - 1,1%, 33 036,3 мың басқа дейін.

4.4 Маркетинг стратегиясы

Қазақстанда жоғары сапалы өнімді ұсынатын ең бір жоғары технологиялы және заманауи мал шаруашылығы кешендерінің бірі ретінде жаңа кәсіпорынды жайғастыру қажет.

Бастапқы кезеңде, өнімді шығарардан 1-2 ай бұрын мал шаруашылығы өндірісінің басталатыны туралы мақалалар мен отандық тауар өндірушінің жарнамаларын орталық баспасөзде орналастыра отырып мықты PR науқанын өткізу қажет.

Бірінші көтерме сатып алушылар үшін баға бойынша жеңілдіктер белгілеу және бұл туралы облыстық және республикалық газеттерде PR мақалаларын жариялау қажет.

Мынадай сәттерді ескере келе сұранысты қалыптастыру және өткізуге ынталандыру жоспарлануда:

- Мал шаруашылығы кешенін пайдалы орналастыру;
- Бас қалармен салыстырғанда бағаның барынша төмен деңгейі;
- Білікті құрам;
- Заманауи жабдықтар;
- Сұранысқа ынталандыру бағдарламаларын іске асыру.

ОН ПОЯВИЛСЯ...

МАГАЗИН
"СВЕЖЕЕ
МЯСО"

100 м

бульвар



Мясной дворик
15 лучших ферм России с доставкой

МЯСО
ИЗ ЛУЧШИХ
ФЕРМ РОССИИ

С ЛЮБОВЬЮ!

